

№2 ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

ҚАРІПТЕРДІ ФОРМАТТАУ

HTML-да қаріптерді форматтаудың екі жолы бар. Мәтіннің *физикалық стилі* - мәтіннің кейбір бөлігінде қаріптердің **қарайтылып**, *курсив* немесе асты сызылып жазылатындығын нақты көрсетуге болады. *Логикалық стиль* – мәтіннің экранда ерекше болып көрінетін кез келген бөлігін белгілеу керек, ал оны ерекшелеу түрін браузер өзі анықтайды.

2.1 Физикалық стиль

Физикалық стиль деп қаріптің сызылымы жайлы браузерге берілетін нақты нұсқауларды айтады.

Мысалы, **** және **** белгілерінің арасындағы мәтін **қарайтылған қаріппен** жазылады. **<I>** және **</I>** белгілерінің арасындағы мәтін *курсив қаріппен*, ал **<U>** және **</U>** белгілерінің арасындағы мәтін асты сызылған қаріппен жазылады. **<TT>** және **</TT>** белгілерінің қызметі ерекше. Бұл белгілердің арасындағы мәтін жазба машинкасымен жазылған тәрізді болып көрінеді, демек, символдарының тұрақты өлшемі бар.

2.2 Логикалық стильдер

Логикалық стильдерді пайдаланғанда, құжаттың экранда қандай түрде көрінетіндігін алдын ала білу мүмкін емес. Логикалық стильдің белгілерін әр браузер әр түрі қабылдайды. Кейбір браузерлер белгілерді мүлдем қабылдамайды, сондықтан логикалық белгілер арасындағы мәтін экранда жай түрде шығады. Көп тараған логикалық стиль белгілері:

... ағылшынның *emphasis* – *акцент* деген сөзінен (*курсив*).

... ағылшынның **strong emphasis** – **ерекше акцент** деген сөзінен (**қарайтылған қаріп**).

<CODE>...</CODE> бастапқы мәтін фрагменттері үшін пайдалануға негізделген.

<SAMP> – **</SAMP>** ағылшынның *sample* - *нұсқау (образец)* деген сөзінен. Экранға шығарылатын мәліметтердің нұсқауларын көрсету үшін қолдануға ыңғайлы.

<KBD> – **</KBD>** ағылшынның *keyboard* – *пернетақта (клавиатура)* деген сөзінен. Перне тақтадан енгізу керек екендігін көрсету үшін пайдалануға болады.

<VAR> – **</VAR>** ағылшынның *variable* – *айнымалы (переменная)*. Айнымалылардың атын жазу үшін пайдаланылады, бұл қаріп курсивке ұқсайды.

Физикалық және логикалық стильдер жайлы үйренгенімізді пайдаланып 1 мысалды орындайық, сонымен бірге Сіздің браузеріңіздің логикалық стиль белгілерін қалай көрсететіндігін байқайсыз.

Енді бір мысал қарастырайық.

```
<HTML> <HEAD> <TITLE> 1 мысал </TITLE> </HEAD>
<BODY> <CENTER> <H1>Мәтін фрагменттерін қаріптермен белгілеу</H1>
<HR>
```

<P> Енді біз мәтін фрагменттерін әр түрлі етіп белгілеуге болатындығын білеміз.

 қарайтылған немесе
 <I>қисайтылған (курсив)</I> қаріппен немесе
 <U> асты сызылған </U> қаріппен.

 Сонымен бірге мәтін арасына символдарының өлшемі тұрақты фрагмет кіргізуге болады.

<TT>(қол жазба машинкасын имитациялау) </TT> <HR>

<P> Сонымен қатар, бірнеше логикалық стильдер бар:

<P> EM – ағылшынның **emphasis** – **акцент** деген сөзінен, курсив тәрізді

 STRONG – ағылшынның **strong emphasis** – **ерекше акцент** деген сөзінен, қарайтылған қаріппен бірдей

<CODE> CODE – бастапқы мәтін фрагменттерін көрсету үшін </CODE>


<SAMP> SAMP – ағылшынның **sample** – **нұсқау (образец)** деген сөзінен </SAMP>

<KBD> KBD – ағылшынның **keyboard** – **пернетақта (клавиатура)** деген сөзінен </KBD>

<VAR>VAR – ағылшынның **variable** – **айнымалы** деген сөзінен </VAR> <HR>

</CENTER></BODY> </HTML>

Бұл мысал нәтижесі (2.1-сурет):



2.1-сурет. Мәтіндерді әр түрлі стильде жазу

2.3 Құжат тұлғасы

<BODY> және **</BODY>** тегтерінің арасында құжаттың негізгі мазмұны орналасады. Құжат тұлғасының атрибуттар арқылы берілген өлшемдері болуы мүмкін. **<BODY>** тәгінің негізгі атрибуттары:

bcolor құжат фонының түсін анықтайды.

text мәтін түсін анықтайды.

link гипермәтіндік сілтемелердің негізгі сөздерінің түсін анықтайды.

vlink пайдаланылған гипермәтіндік сілтемелердің түсін анықтайды.

alink гипермәтіндік сілтемеге басқан кездегі түсін анықтайды.

background фон қызметін атқаратын суретті анықтайды, демек тұсқағаз суреті.

HTML-да бояу түрлері онақтылық санау жүйесінің коды бойынша беріледі. Бұл жүйенің негізгі үш компоненті – қызыл (Red), жасыл (Green), көк (Blue) түстер және оның жалпы аты RGB – ол осы түстердің бірінші әріптерінен құралған. Әр компонентке онақтылық санау жүйесінің 00-ден FF-ке (ондық санау жүйесінің 0-ден 255-ке дейінгі сандары) дейінгі санға сәйкес келеді. Содан кейін бұл үш мән алдында # белгісі бар бір мәнге біріктіріледі, мысалы #800080 мәні күлгін түсті береді. Түстердің онақтылық санау жүйесіндегі мәндерін есте сақтау қиын болғандықтан, олардың ағылшын тіліндегі атауларын қолдануға болады. Төмендегі кестеде түстердің ағылшын тіліндегі стандартты аттары және оның онақтылық санау жүйесіндегі мәндері келтірілген.

Аты	коды	Аты	Коды
 Black (қара)	"#000000"	 Green (жасыл)	"#008000"
 Silver (күміс түсті)	"#C0C0C0"	 Lime (лимон түсті)	"#00FF00"
 Gray (сұр)	"#808080"	 Olive (олиф түсті)	"#808000"
 White (ақ)	"#FFFFFF"	 Yellow (сары)	"#FFFF00"
 Maroon (қызыл күрең)	"#800000"	 Navy (қаракөк)	"#000080"
 Red (қызыл)	"#FF0000"	 Blue (көк)	"#0000FF"
 Purple (күлгін)	"#800080"	 Teal (жасылкөк)	"#008080"
 Fuchsia (қызғыш, фуксия)	"#FF00FF"	 Aqua (ақшылкөк)	"#00FFFF"

Мысалы: <body bgcolor = white text = black link = red vlink = maroon alink = fuchsia background = "face.jpg">

HTML құжаты үшін түстерді анықтаған кезде сіз оның атын немесе онақтылық жүйедегі кодын пайдалансаңыз болады. Мысалы, төмендегі жолдардың қызметі бірдей:

<BODY BGCOLOR="#FFFFFF">

<BODY BGCOLOR="WHITE">

2.4 Гиперсілтеме бойынша ауысу – <A> (анкер) тәгі

HTML-да мәтіннің бір фрагментінен екіншісіне ауысу үшін

 мәтіннің белгіленген фрагменті

тәгінің көмегімен орындалады, [ауысу адресі] параметрінің орнына аргументтердің бірнеше түрін қолдануға болады. Ең қарапайымы – ауысатын HTML-құжаттың атын беру. Мысалы:

```
<A HREF="pr2.htm"> Мазмұн </A>
```

Бұл мысалдағы HTML-құжатта Мазмұн деген белгіленген фрагмент пайда болады, оған тышқан курсорын апарып басқанда, келесі терезеде *pr.htm* құжаты ашылады.

Мынаған назар аударыңыз: Егер адресіте каталог (бума) көрсетілмесе, онда ауысу ағымдағы каталог ішінде орындалады. Ашылған файлды көріп болғаннан кейін артқа қайтып оралу үшін браузердің құралдар тақтасындағы **КЕЙІН (НАЗАД)** батырмасын шерту керек.

Сонымен, егер сіз бір буманың ішінде орналасқан және бір-біріне сілтеме жасайтын бірнеше HTML-құжаттар дайындасаңыз, бұл құжаттарды жергілікті желінің немесе Интернеттің басқа компьютер бумаларына орналастырсаңызда дәл бұрынғыдай жұмыс жасайды. Енді сіз Интернетке қосылмай-ақ көптеген құжаттар коллекциясын дайындауға мүмкіндігіңіз бар. Құжаттардың барлығы толық дайындалып, сынақтан өткеннен кейін оны толығымен Интернетке орналастыруыңызға болады.

Қажет болған жағдайда сілтемеді қандайда бір құжатқа емес сол құжаттың ішіндегі белгілі бір сөзге де жасауға болады. Ол үшін сілтеме барысында ашылатын құжатта қандайда бір сүйеніш нүктесін немесе **анкер** ашу керек. Мысал арқылы талдайық.

Мәселен, **pr1.htm** құжатынан **pr2.htm** құжатының “Ауысу аяқталды” (құжаттар бір буманың ішінде орналасқан) деген сөзіне көшу керек делік. Алдымен, *pr2.htm* файлында мынадай анкер ашу керек:

```
<A NAME="AAA">Ауысу аяқталды</A>
```

“Ауысу аяқталды” сөзі мәтінде ешқандай белгілеусіз жазылады. Енді *pr1.htm* файлында осы анкерге көшуді анықтау керек:

```
<A HREF="2.htm#AAA"> AAA анкеріне ауысу </A>
```

Анкерге ауысуды *pr2.htm* құжатының ішінде де орындауға болады, ол үшін құжат ішіне мынадай фрагмент қосу жеткілікті:

```
<A HREF="#AAA"> AAA анкеріне ауысу </A>
```

Бұл көлемді құжаттар жасағанда, оның басына бөлімдер тақырыбында орналасқан анкерлерге сілтеме жасайтын мазмұнды орналастыруға қолайлы болады.

Түсініспеушілік болмас үшін анкерлердің аттарын латын әріптерімен берген дұрыс. Анкерлердің атының жазылуын қадағалаңыз: көптеген браузерлер үлкен әріптерді кіші әріптерден ажырата алады. Егер анкер атын *AAA* деп анықтап, ал анкерге сілтемеде *aaa* немесе *AaA* деп жазсаңыз, онда құжатыңыз дұрыс ашылса да, *AAA* анкеріне шыға алмайсыз.

Осыған дейін біз тек HTML-құжатқа сілтеме жасауды сөз еттік, алайда ресурстардың басқа да түрлеріне сілтеме жасауға болады:

```
<A HREF="ftp://server/directory/file.ext">Файлды ашу</A>
```

Бұндай сілтеме орындалған жағдайда, файлдарды тасымалдау протоколын іске қосып, *server* серверінің *directory* бумасында орналасқан *file.ext* файлын тұтынушының экранында көрсете бастайды.

`<A HREF="mailto:user@mysite.kz"> Хат жіберу </A>`

Егер тұтынушы жоғарыдағыдай сілтемеге ауысса, онда экранда пошта программасының шығу мәліметтерін енгізу терезесі ашылады. Пошта программасының To: ("Қайда") жолында *user@mail.box* адресі көрсетіледі.

Байланыстар жайлы білетініміздің барлығын 2 мысал көмегімен талдайық.

```
<HTML> <HEAD> <TITLE> 2 мысал</TITLE> </HEAD>
<BODY>
  <H1>Байланыстыру </H1>
  <P> Сілтеменің көмегімен басқа файлдарға көшуге болады (мысалы
  <A HREF="pr.htm">осы нұсқаудың мазмұны </A>).</P>
  <P>Файлдарды ашуға болады (мысалы,
  <A HREF="ftp://yi.com/home/Chuvakhin Nikolai/html-pr.doc">
    бұл Microsoft Word 2.0 форматындағы нұсқау</A>) FTP бойынша</P>
  <P>Тұтынушыға поштамен мәлімет жіберуге мүмкіндік бар (мысалы,
  <A HREF="@mailto:c@iname/com@"> осы нұсқаудың авторына </A>)</P>
</BODY>
</HTML>
```

Бір анкердің ішіне екіншісін орналастыруға болмайды. Ашылатын және жабылатын белгілерді міндетті түрде қойып отыру керек. Анкерлер гипермәтіндік сілтемелерді анықтау үшін қолданылады, мысалы:

Бақытқа `<a href="hands-on.html">барар жол </a>`

сонымен бірге гипермәтіндік сілтемеде көрсетілген құжаттың ішіндегі қайсы бір нүктені анықтау үшін, мысалы:

`<h2> <a name=mit> Сквер 545 - хакерлер пейіші </a> </h2>`

name – анкердің атын анықтайтын жол. Бір құжаттың ішінде анкерлердің аттары қайталанбауы тиіс.

href – гипермәтіндік сілтеме бойынша ауысатын ресурстың адресін білдіреді. Бұл басқа HTML-құжат, PDF-файл немесе сурет болуы мүмкін.

title – сілтеме жасалған ресурстың аты.

2.5 HTML-құжатқа суреттер қосу

HTML-құжат ішіне сурет енгізу оңай. HTML-құжаттың сурет қойылатын аймағына тәтті жазып, сондағы *файл аты* сурет атына (URL-адресіне) алмастырылуы керек.

`<IMG SRC="файл аты">` нақты файл үшін `<IMG SRC="dog1.gif">`


Бұл жердегі SRC міндетті түрде жазылатын атрибут. Оның мәні ретінде суретке баратын жол мен файл аты көрсетіледі. Егер файл осы бумада болса, оның адресі көрсетілмейді. Сурет үшін GIF, JPEG немесе PNG форматты файлдар қолданылады.

Осының нәтижесінде браузер суретті көрсетілген орынға, оның алдындағы мәтіннің немесе басқа объектінің оң жағына орналастырады.

Төмендегі мысалға назар аударыңыз. Бұл мысалда бір сурет үш рет көрсетіледі. Үш ретте де сурет мәтін жолдарында көрсетіледі, сондықтан браузер оны мәтінге байланысты ығыстыра отырып орналастырады.

```
<HTML> <HEAD> <TITLE> IMG тәгін қолдану</TITLE> </HEAD>
<BODY>
  <P> <IMG SRC="kz.jpg"> Бұл мәтін суреттен кейін орналасады.
  <P> Бұл мәтін <IMG SRC="kz.jpg"> суретпен бөлінген.
  <P> Мұнда сурет мәтіннен кейін пайда болады. <IMG SRC="kz.jpg">
</BODY>
</HTML>
```

Бұл программалық код нәтижесі төмендегі 2.2-суретте көрсетілген.



2.2-сурет. Сурет пен мәтін жолының өзара орналасуы


Сурет маңындағы мәтінді жол шеттері мен суретке байланысты туралау ALIGN атрибутының көмегімен жүзеге асырылады. Келісім бойынша, мәтін суреттің төменгі жағына орналасады. Мұндайда көп бос орын қалдырылады,

сондықтан ALIGN атрибутының көмегімен оны өзгертуге болады. Келесі кестеде оның мүмкін мәндері мен тигізетін әсері көрсетілген.

Мәні	сипаттамасы
Align=TOP	Мәтін суреттің жоғарғы жағына орналасады.
Align=MIDDLE	Мәтін суреттің ортасына орналасады.
Align=BOTTOM	Мәтін суреттің төменгі жағында тұрады.
Align=left	Суретті сол жақ шетке туралау, мәтін оның оң жағында орналасады.
Align=right	Суретті оң жақ шетке туралау. Мәтін суреттің сол жағында орналасады.

Төмендегі мысалда, жоғарыда айтынған үш түрлі туралау түрлері қолданылып, үш суреті бар HTML құжаты келтірілген.

```
<HTML> <HEAD> <TITLE> IMG тәгінде ALIGN атрибутын қолдану </TITLE>
</HEAD>
<BODY> <P> <IMG SRC=dog.jpg ALIGN=TOP>
        Бұл мәтін суреттің жоғарғы жағында орналасады.
<P> <IMG SRC=dog.jpg ALIGN=MIDDLE>
        Бұл мәтін суреттің ортасында орналасады.
<P> <IMG SRC=dog.jpg ALIGN=BOTTOM>
        Бұл мәтін суреттің төменгі жағында тұрады.
</BODY>
</HTML>
```



2.3-сурет. Сурет пен мәтін жолының әр түрлі болып орналасуы

Келесі мысалда мәтіннің суретпен қатар орналасу варианттары көрсетілген.

```
<HTML>
```

```
  <HEAD>   <TITLE>   IMG тәгінде ALIGN атрибутын қолдану </TITLE>
```

```
</HEAD>
```

```
  <BODY>
```

```
    <P> <IMG SRC=fish.jpg ALIGN=LEFT>
```

```
      Бұл мәтін суреттің жоғарғы оң жағында орналасады.
```


```
    <P> <IMG SRC=fish.jpg ALIGN=MIDDLE>
```

```
      Бұл мәтін суреттің ортасында орналасады.
```

```
    <P> <IMG SRC=fish.jpg ALIGN=RIGHT>
```

```
      Бұл мәтін суреттің жоғарғы сол жағында орналасады.
```

```
</BODY> </HTML>
```



2.4 сурет. Сурет пен мәтін жолының әр түрлі болып орналасуы

2.6 FONT тәгі

FONT элементі HTML-дағы мәтіннің сыртқа түрін басқарады. FONT элементі тәгімен ашылып тәгімен жабылатын контейнер болып табылады. Егер ашылатын тегте ешқандай атрибуттар көрсетілмесе онда FONT элементі ешқандай әсер етпейді.

FONT элементін кез келген мәтіннің ішінде қолдануға болады. FACE (гарнитура), SIZE (өлшем) және COLOR (түс) атрибуттарының көмегімен құжаттағы мәтіннің түрін мүлдем өзгертуге болады.

FACE құжатта қолданылатын қаріп түрін таңдауға мүмкіндік береді. FACE атрибутының параметрі - қаріп аты. Атрибутта көрсетілген қаріп аты, тұтынушы компьютеріндегі қаріп атымен сәйкес келуі керек, кері жағдайда

браузер бұл атрибутты қабылдамайды да, айтылмаған жағдайда пайдаланылатын қаріпті қолданады. Қаріп атындағы бас және кірі әріптер айырмашылығы жоқ, ал бос орын міндетті түрде қойылуы керек. Төменде қаріпті таңдау мысалы келтірілген.

```
<HTML>
<HEAD>
<TITLE>Қаріп түрін таңдау</TITLE>
</HEAD>
<BODY>
<FONT FACE="Arial">Бұл жерде басқа қаріп түрі пайдаланылған</FONT>
</BODY>
</HTML>
```

Егер сіз тұтынушы компьютерінде қандай қаріптер бар екенін білмесеңіз, онда сіз FACE атрибутында үтір арқылы бірнеше қаріп атын көрсетуіңізге болады. Браузер қаріптер тізімін солдан оңға қарай қарап, бірінші сәйкес келген қаріпті қолданады. Төменде бірнеше қаріпті қолдану мысалы көрсетілген.

```
<HTML>
<HEAD>
<TITLE>Қаріп таңдау мысалы</TITLE>
</HEAD>
<BODY>
<FONT FACE="Verdana", "Arial", "Helvetica">
Бұл қаріп таңдау мысалы. </FONT>
</BODY>
</HTML>
```


Бұл мысалда негізгі қаріп ретінде Verdana көрсетілген, ол қаріп болмаған жағдайда Arial, Helvetica қаріптерін қолдануға болады.

SIZE – бұл элемент мәтіндегі белгілердің биіктігін таңдауға мүмкіндік береді. Қаріп өлшемі 1-ден 7-ге дейінгі шартты бірлікте беріледі, келісім бойынша мөлшері көрсетілмеген қарапайым стиль қаріптер шкаласының 3 мәніне сәйкестелінген. *Size* атрибутын екі түрлі тәсілмен қолдануға болады: қаріптің абсолютты өлшемін көрсету, мысалы, SIZE=5 немесе салыстырмалы өлшемді көрсету SIZE=+2. Екінші тәсіл көбіне негізгі қаріп ретінде *basefont* көрсетілгенде қолданылады.

Төменде келтірілген мысал қаріптің абсолюттік өлшемін тағайындайды:

```
<font size=1> size=1 </font>
<font size=2> size=2 </font>
<font size=3> size=3 </font>
<font size=4> size=4 </font>
<font size=5> size=5 </font>
<font size=6> size=6 </font>
<font size=7> size=7 </font>
```

Бұл программаның нәтижесі:




2.5-сурет. тәгінің әр түрлі мәндеріне сәйкес қаріп бейнелері

Келесі мысал қаріптер шкаласының келісім бойынша қолданылатын 3 мәніне сәйкес қаріптің жаңадан орнатылатын салыстырмалы өлшемдерін көрсетеді:

size=-4 size=-3 size=-2 size=-1 size=+1 size=+2 size=+3 size=+4

Қаріп өлшемін өзгерту мысалы (2.2-сурет).

```
<HTML>
<HEAD>
<TITLE>Қаріп өлшемін таңдауға
мысал</TITLE>
</HEAD>
<BODY>
<FONT size=1> 1 өлшем</FONT><BR>
<FONT size= -1>2 өлшем</FONT><BR>
<FONT size=3>3 өлшем </FONT> <BR>
<FONT size=4> 4 өлшем </FONT><BR>
<FONT size=+2>5 өлшем</FONT><BR>
<FONT size = 6>6 өлшем</FONT><BR>
<FONT size=+4>7 өлшем</FONT><BR>
</BODY>
</HTML>
```



2.6-сурет. Қаріп өлшемдерін өзгерту

COLOR атрибуты арқылы қаріптің атын немесе өлшемін көрсеткендей мәтіннің түсін де көрсетуге болады. Бұл атрибут RGB он алтылық санау жүйесінің мәнін немесе стандартты түстер атын қабылдайды. Төменде құжатта түстерді анықтауға арналған мысал келтірілген. Түстерді анықтау BODY элементінің BGCOLOR атрибутына ұқсас.

```
<HTML> <HEAD> <TITLE>Түстер таңдауға мысал</TITLE> </HEAD>
<BODY>
  <FONT COLOR= #FF0000> Бұл мәтіннің түсі қызыл</FONT><BR>
  <FONT COLOR= GREEN>Бұл мәтіннің түсі жасыл</ FONT><BR >
</BODY>
</HTML>
```

Тапсырмалар

1. **lab2.htm** файлын ашып келесі өзгертулерді енгізіңіз:

- а) Тақырып және бөлім аттарын ортаға қойыңыз;
- ә) Бірініші абзацтың түсін қызыл, екінші абзацтың түсін – көк, үшінші абзацтың түсін жасыл етіп өзгертіңіз;
- б) Әр абзацтан кейін көлденең сызықтар сызып, олардың түстерін және ендерін өз қалауларыңызша өзгертіңіз;
- в) Мәтіннің фонын сұр түске өзгертіңіз.

2. **lab2.htm** файлын ашып келесі өзгертулерді енгізіңіз:

- а) pr4.htm, pr5.htm, pr6.htm, pr7.htm құжаттарына және Orantang.jpg, Popugay.jpg, Monky.jpg суреттеріне гиперсілтеме жасаңыз.

ЕСКЕРТУ: lab2.htm, pr4.htm, pr5.htm, pr6.htm, pr7.htm құжаттары және Orantang.jpg, Popugay.jpg, Monky.jpg суреттері алдын ала дайындалып компьютердегі *Мои документы* бумасының ішіндегі өз атыңызға (Самат) немесе өз тобыңыздың атына (ИС-04-1) сәйкес бір буманың ішінде болуы тиіс. Әйтпесе олардың адрестерін көрсетіп жазса да болады.

Бақылау сұрақтары

1. Физикалық стиль деп нені айтады?
2. Логикалық стильдердің физикалық стильден айырмашылығы неде? Қандай логикалық стильдерді білесіңдер?
3. Құжаттың негізгі мазмұны (тұлғасы) қай тәгпен қоршалып тұрады?
4. <BODY> тәгінің негізгі атрибуттары мен олардың мүмкін мәндері. <link>, <alink>, <vlink> атрибуттары не үшін қажет?
5. HTML құжатының негізгі мазмұндық бөлігін қандай тәг қоршап тұрады?
6. <bgcolor> мен <background> атрибуттарының айырмашылығы.
7. Түстерді анықтау қалай орындалады, түстер кодтары мен атаулары
8. Гиперсілтеме бойынша ауысу қалай орындалады?
9. Басқа құжатқа гиперсілтеме қалай беріледі?
10. Бір құжат ішіндегі басқа орынға ауысу тәсілі. Анкер деген не?
11. HTML-құжат ішіне сурет енгізу қалай орындалады?
12. Суреті маңындағы мәтінді жол шеттері мен суретке байланысты туралау.
13. ALIGN атрибутының мәндері мен олардың тигізетін әсері қандай?
14. Қаріп (шрифт) типін қалай өзгертеді?
15. тәгінің Size атрибуты не үшін керек? Оның салыстырмалы мәні қандай?
16. Символдар көлемін өзгертетін екі түрлі тәг бар, олардың атауы мен жазылуы қандай?